



Автор: Тулеуова Бибигул

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Махаббат және абырой

Тақырып: Б. Момышұлы "Ұшқан ұя"

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; 8.2.4.1.шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу;
Сабақтың мақсаты:	Шығармадағы құрамдас бөліктерді рет-ретімен жүйелі орналасуына, тұтастығына қарай талдау; шығармадан алған үзінділерді негізге алып, креативті жазу
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: көркем шығарманы тақырыбы мен идеясына қарай талдау жолдарын меңгереді. Пән ерекшелігіне сай лексика мен терминология: рухани мүгедек, ел тану, композиция, сюжет, тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау т.б. Диалог пен жазылым үшін қажетті тіркестер: менің ойымша, шығарма композициясына сай ..., мен ... ойлаймын т.б.
Бағалау критерийлері:	композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдай алады; шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жаза алады;
Құндылықтарды дарыту:	Сабақ мазмұны арқылы жеке/жұпта/топта жұмыс жасау, өзінің өзгенің оқуына жауапкершілікпен қарау, сонымен бірге адамгершілік, отбасылық, ұлттық құндылықтар оқушы бойына сіңіріледі.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	сабақ презентациясы
Пәнаралық байланыс:	Өзін-өзі тану пәнімен байланыс. Отбасылық құндылықтардың жеке тұлғаның қалыптасуындағы маңызы.
Бастапқы білім:	Шығарма мазмұнындағы құндылықтар жүйесін талдау, бағалау тәсілдерін үйренді.
Командалық сабақ	Серіктес мұғалім- Ағисова Шынар Ғаббасқызы - педагог-зерттеуші

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	1. Қызығушылықты ояту мақсатында ұсынылатын тапсырма: Топтық жұмыс. «Ұшқан ұя» сөзіне «Ассоциация» жасаңдар. отбасы салт- дәстүр әке тәрбиесі ата өнегесі балалық шақ әже тәрбиесі бауырлар қарым-қатынасы 2. Топтар жұмыстарымен таныстырады. ҚБ Мұғалімнің қошеметі. 3.Сабақтың тақырыбы, мақсаты таныстырылады.	№1 слайд 1-таратпа №2 слайд

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 мин)	1-тапсырма.Топтастырудағы жұмыс жалғастырылады. Кластер құру. Жұптық жұмыс Топтастыру бетшесіндегі бір тармақтың мәнін ашу. Дескриптор: 1.тұтастан бөлшекті ажыратады; (3-тен көп тармақша) 2.бөлшектердің кем дегенде 2-еуі мәні жағынан тұтасқа сәйкес келеді. 3.бөлшектер шығарманың идеясына сай келеді. ҚБ: «Бағалау терезесі» Топта бірін-бірі бағалау.Үздік жұмыстар оқылады. 2- тапсырма.Шығармадан алынған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазыңдар. «РАФТ» әдісі Роль- Бауыржан Момышұлы, оқушы, әже, Момыш Аудитория- ХХІ ғасыр ұрпағы, Бауыржан Момышұлы, бүлдіршін, оқырмандар, жазушылар, аналар Форма- ертегі, хат, өлең, кеңес, диалог, графикалық мәтін Тақырып- «Отбасы – Отанның бөлшегі» 1-үзінді: Әжемнің «осылай болған екен» деген сөздері мені бірде ғасырлардың шыңырауына сапар шектірсе, бірде құс қанатындай демеп, ілгері ұмтылдырды, биікке самғатты...» деген жолдардың мағынасын жұбымен талдайды. 2-үзінді — Кімнің баласысың? — деп сұрайтын ол. — Мен - Момыштың ұлымын. — Момыш кімнің баласы? — Момыш — Имаштың баласы. Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады. Ал келген қонақ ең алдымен атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін. Ел танудың басы ең алдымен осылай басталатынын ол кезде кім білген. 3-үзінді: Ертекісіз өскен бала — рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері не шешелері ертеке айта бермейді. Содан қорқам. 4-үзінді: Әкем меймандарды үйге бастап жүрді. Есіктен ең алдымен Серкебай нағашым бас сұқты. Әкем оны балаша айналап, еркелетіп жатыр. Дескриптор: 1.Үзіндінің айтайын деген ойын жалғап жазады. 2.Жазуда креативті әдістерді қолданады. 3.Өмірмен байланыстырады. ҚБ: «Үш таяқша»	2-таратпа №3 слайд 3- таратпа №4 слайд
Сабақтың соңы (5)	«Төрт сөйлем» әдісі: 1.Пікір. «Ұшқан ұя» романынан өзіңе ұнаған бір қанатты сөзді теріп жаз. 2.Дәлел. Алған бір қанатты сөзді өз сөзіңмен түсіндіріп, дәлелде. 3.Мысал. Келтірілген қанатты сөзді өмірмен байланыстыр. 4.Қорытынды. Өзің таңдаған нақыл сөзден өзіңе қандай тәлім алғаныңды қорытындыла. Үйге тапсырма: «Ұшқан ұя» шығармасы туралы әдебиетшілердің сыни пікірлерін жазып келу (келесі сабаққа	№5 слайд
Рефлексия (5 мин)	Рефлексия: «7 МЕН» Кері байланыс: Бүгінгі сабақтағы маңызды ... пайдалы... жетістік...	№6 слайд